



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANGÁZIN ATYNDAGÝ
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĞY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANGÁZIN ATYNDAGÝ
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ
80 JYLDYĞYNA ARNALĜAN ALTYSARIN OQÝLARY
«Bilim berý praktikasy sapasyn
joğarylatýdyň ózekti máseleleri»
atty halyqaralyq ғылыми-практикалық конференциясының

MATERIALDARY

III KİTAP



III КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

«Актуальные проблемы повышения
качества образовательной практики»

Qostanaı q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 257 б.

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции «Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)
КБЖ 74.00**

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

-адекватной самооценкой своей деятельности в информационной среде. Формируются качества педагогической цифровой культуры личности: прогноз, самоанализ, коррекция информационной деятельности, практико-ориентированная направленность, сформированная субъектность.

Следовательно, специально организованный процесс повышения воспитательного потенциала процесса цифровизации будущих педагогов в вузе будет способствовать внедрению и использованию современных цифровых технологий (от виртуальной реальности и робототехники, до умных вещей в профессиональной деятельности и в обычной жизни). Такой подход также способствует реализации направления профессионального образования: организация равных возможностей и доступности профессионального обучения.

Список литературы:

1. Маврина Н. А.К вопросу об исследовании сущности потенциала предприятия./Вестник Челябинского государственного университета. 2014. № 5 (334). Экономика. Вып. 43. С. 145-148.
2. Миско, К. М. Ресурсный потенциал региона (теоретические и методологические аспекты исследования) / К. М. Миско. М.: Наука, 1991. 240 с.
3. Философский энциклопедический словарь. Режим доступа: <https://runivers.ru/lib/book6207/140184/>
4. Человеческий потенциал. Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
5. Функции воспитания. Режим доступа: <https://womanadvice.ru/funkcii-vospitaniya>
6. Караковский В.А. Воспитание? Воспитание. Воспитание!: теория и практика школьных воспитательных систем/В.А.Караковский; А.И.Новикова, Н.Л.Селиванова; под ред. Н.Л.Селивановой.- 2-е изд., доп. и перераб.- М.: Пед.об-во России, 2000.-256с.
7. Гнатышина, Е.В. Социокультурный подход как общенаучная основа формирования цифровой культуры будущего педагога [Текст] / Е.В. Гнатышина // Вестник Челябинского государственного педагогического университета. - 2018. - № 1. - С. 50-58.
8. Розина И.Н. Цифровизация образования. Режим доступа: ito.lgb.ru/tezises/1027.doc
9. Колонтаевская, И.Ф. Цифровая культура инженера: проблемы и решения [Текст] / И.Ф. Колонтаевская, О.А. Исабекова // Наука 2014: проблемы и перспективы: материалы международной научно-практической конференции (Москва, 26 января 2015 г.). - М.: Грифон, 2015. - С. 72-76.

ЖАҢАША БІЛІМ БЕРУ: ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ

Исенова Гүлмаржан Берішбайқызы,
С. Мәуленов атындағы гимназияның
тарих пәні мұғалімі,
Қостанай қаласы

Аннотация

Өзектілігі. Мақсаты. Мақалада автор жаңашылдық заман талабына сай, мектепте тарих пәнін оқытудың жаңа технологиясы туралы өзінің әдістемелік тәжірибелерімен бөліседі.

Аннотация

Актуальность. Цель. В статье автор делится своим методическим опытом о новейших технологиях преподавания истории в школе, отвечающих современным требованиям. В частности внедрения обновленной программы обучения в школе.

Abstract

Relevance. Goal. In the article the author shares his methodological experience about the latest technologies of teaching history at school that meet modern requirements. In particular, the introduction of an updated curriculum at school.

Түйінді сөздер: тарих пәні, жаңартылған бағдарлама, әдістеме, жаңа технология, әдістемелік тәжірибе.

Ключевые слова: предмет истории, обновленная программа, методика, новые технологии, методический опыт.

Keywords: subject of history, updated program, methodology, new technologies, methodical experience.

Білім беру жүйесі- әр елдің даму болашағын айқындайтын әлемдік өркениетке жетуде негізгі бағыттарын көрсететін біртұтас құрылым. Экономикадағы жаһандану білім беруге жаңа сапалық талаптар қойып, халықаралық стандарттарға сәйкескелетін сапалы оқыту мен тәрбиелеуге қол жеткізу мәселелері басты орын алып отыр. Қазақстанның әлемдік үрдістерге кірігуі дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы еліміздің жаңа сапалық деңгейге жылдам өтуі қажеттілігін туындатуда. Осыған орай қазіргі кезде білім беру реформалары жасалуда. Мақсат-келешек ұрпаққа өз елінің мақсат міндетімен ұштасқан, халқының рухани байлығымен сусындаған, елдің ертеңіне саналы еңбек ететін ұрпақ тәрбиелеп, оған озық білім беру. Бәсеке нарық экономикасының негігі құралы болып саналады. Сондықтан да оның негізінде ең алдымен, ел экономикасының қарқынды дамуын қамтамасыз ету міндеті қойылса, Елбасы жолдауында «ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады» деп атап көрсетті. Әлемдік бәсекелестік заманда әрбір адамның білім сапасын, қабілеттік деңгейін, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселелері күн тәртібіне өткір қойылып отыр, яғни адамның білім мен біліктілігі қазіргі кезде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттерінің ең маңызды көрсеткішіне айналды. Білім – адамның сапаларын өзгеруін басқаратын үрдіс болғандықтан біздің жағдайымызда ол педагогикалық мамандардың кәсіби біліктілік қабілеттерін дамытуға бағытталады. Елімізде білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеру үшін жоғары сауаттылық және нәтижелі іс-әрекет керек.

Біліміміздің мазмұны әлемдік стандартқа сай келуі үшін оқу- тәрбие үрдісін заман талабына сәйкес жаңаша құра білу, педагогтердің кәсіптік деңгейін көтеру және берілетін білімнің мазмұнын жаңа қоғамның талабына жауап бере алатындай дәрежеге жеткізуге жұмыстанудамыз. Қазіргі білім беру жағдайы өткен жылдармен салыстырғанда мүлдем өзгеше сипатқа ие болды. Бүгінгі уақыт- қарыштап алға басқанғаламдық білім мен ғылымның уақыты, жаһандану уақыты. Бізде осы көштен қалып қоймаудың барлық жағдайын жасауымыз керек. Білім беру жүйесіндегі реформалаудың басты бағыттарының бірі де осы. Осыған орай жалпы білім беретін мектептердің оқу бағдарламаларын өңдеу мен қолдануда оң өзгерістер болып жатыр, оқытудың мазмұны жаңаруда, жаңа технологиялық әдістер өмірге енуде. Ертеңгі ұрпақты тәрбиелейтін мамандардың біліктілігін арттырып, қайта даярлауда инновациялық технологияларды пайдалану арқылы мұғалімдердің шығармашылық шеберлігін шыңдаудағы әдістемелік жұмыстарды жетілдіру басты назарда болып отыр.

Мұғалімнің шығармашылық шеберліктерін шыңдауда педагогикалық оқулар, ғылыми-әдістемелік семинарлар, байқаулар, олимпиадалар, шығармашылық есеп, өз ара тәжірибе алмасу, іскерлік ойындардың берері көп. Бүгінгі күн мұғалімі өз бетінше шығармашылықпен ізденіп, кәсіби шеберлігін дамыту білім сапасын арттыруда жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін педагогикалық технологияларды және инновациялық әдістерді жан-жақты пайдалану білу қажет. Бүгінгі күні мұғалімнен шығармашылық ізденістер және білім саласының құзырлы тұлғасының зерттеушілік білігі мен шығармашылық қабілеттерінің үйлесімділігі талар етіледі. Осы үдеден шыққанда ғана бүгінгі ұстаз-заман талабына жауап беретін, жаңаша ойлай біліп, өзінің де, өзгенің де жан-жақты дамуына үлес қоса отырып, жұртшылықпен ынтымақтастық орнатуға икемді, шығармашыл тұлға болып қалыптасады. Жаңашыл бағдарламамен

қалай оқыту керек деген сауалға жауапты тек мұғалімнің кәсіптік даярлығынан іздеу керек екені белгілі. Сонымен қатар заман талабына лайықталған қазіргі мұғалім- кәсіптік даярлығы жоғары, озық техникаларды меңгерген, оны нақты сабақ үстінде тиімді пайдалана білетін, жан-жақты дамыған шығармашылық тұлға болады.

Қазіргі кезде көптеген педагогикалық технологиялар оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланып келеді. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнен асқан кәсіби шеберлікті, арнайы дайындық пен ізденісті, сауаттылықты талап етеді. Шәкіртті оқу әрекетіне жетелеп, оқуға деген ынтасын оятады. Білім беру реформасының талаптарын жаңа техника мен технологиялық инновациялық әдістерді қолданбай іске асыру мүмкін емес. Тарих сабағында 5-6 сыныптарда жаңартылған бағдарлама бойынша жаңартылған педагогикалық технологияны қолданып жүрмін. Оның мақсаты: оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру, білім сапасын жақсарту, деңгейлеп, дамыта оқытудың әр түрлі әдісін тиімді пайдалана білу.

Жаңаша оқыту дегеніміз оқушылар бір сыныпта бір бағдарлама және бір оқулық бойынша оқи отырып, материалды әр түрлі деңгейде игере алуы. Жаңартылған технологияның ерекшелігі деңгейлік тапсырмалардың берілуі.

«Оқытудың жаңа педтехнологиясында төмендегідей әдістер қолданылады: жеке, жұптық, топтық, ұжымдық. Ал нәтижесінде оқушылардың ойлау қабілеті жоғарылайды, шығармашылығы артады, жан-жақты дамиды, білім сапасы көтеріледі. Оқушы мен мұғалімнің іс-әрекеті төмендегідей болатынына көз жеткіздім:

Оқушының іс-әрекеті: Оқушы өз кемшілігін байқайды, өз қатарластарынан қалмау үшін не істеу керектігін аңғарады; Ойланып оқуға дағдыланады; Білім алуда жоспар, тезис құруға үйренеді; Әр тақырып бойынша қорытынды бағасы оның жинап алған ұпайына сәйкес қойылады. Оқушы өз жұмысына баға береді;

Мұғалімнің іс-әрекеті: Оқушының оқуындағы кемшіліктерді анықтап, түзетудің әдістері мен тәсілдерін алдын-ала белгілі жүйеге келтіруге мүмкіндігі бар; Сабақ үрдісін тиімді ұйымдастыру мен оған түзету жасау тәсілдерін меңгертеді; Бағалау парағы бойынша оқушылардың тақырыпты қаншалықты меңгергенін біліп, қорытынды жасайды.

Қазақстан тарихы бойынша деңгейлік тапсырмалар құрастырылып, сабақ үдерісінде пайдаландым. Технология бойынша сабақты өту барысы төмендегідей.

I кезең. Оның мақсаттары: а) Ұйымдастыру. ә) Ұй жұмыстарын тексеру. Өткен тақырып бойынша деңгейлік тапсырмаларды кім қаншалықты аяқтап келгенін тексеру.

II кезең. Өз бетімен жаңа тақырыпты меңгеру.

Негізгі мақсат – ой ояту, оқушыға өзіндік ой-пікір, қорытынды шығаруға мүмкіндік беру. Оқушыларға жаңа тақырып бойынша тапсырмалар беріледі. Тапсырмаларды орындау үшін оқушылар алдымен өз бетінше мәтінді оқиды, жауап табады. Әр топқа әртүрлі тапсырмалар беріледі. Оқушылардың өздері күш салып, қаншалықты меңгергендерін қадағалайды. Мұғалім тек көмектеседі, қосымша фактілер береді, қажет болса өзі түсіндіреді, бағыт-бағдар береді.

III кезең (кері байланыс) технология бойынша нәтижеге бағытталған бөлім (минут + минут қорытынды шығаруға арналады).

Бұл кезеңнің негізгі мақсаты: деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында алған білімдерін дәлелдеп, қабілетіне қарай тереңдету және оқу жетістіктерін 5-10 ұпайлық рейтинг жүйесі бойынша әділ бағалау.

Берілген тапсырмалар көп ойлануды, ізденуді талап етпейді, оқушылар жедел түрде тапсырманы орындай алады. Мысалы «*Монғол шапқыншылығының салдары*» деген тақырып бойынша төмендегідей тапсырмалар беріледі.

1-ші топ. *1-тапсырма*. Отырар опаты туралы пікірлері.

2-тапсырма. Төменде Шапқыншылық туралы кесте берілген. Сұрақ белгісі тұрған жерлерге жауап жаз.

1	Себебі	?
2	Мақсаты	?
3	Сипаты	?
4	Аумағы	?
5	Қозғаушы күші	?

1-ші топ Қосжазба күнделігі

Шыңғысханның жаулап алу соғысын қалай бағалауға болады.

Жаулаушылық соғыстың басталуына саудагерлердің өлтірілуі себеп болды ма?

Шыңғысхан мен Жамұханың ара қатынасының үзілу себептері.

Дескриптор: Жаулап алу соғысын не үшін жүргізгенін жазады. Саудагерлерді Қайырханның не үшін өлтіргенін жазады. Жамұқа не үшін қарсы шыққанын айтады.

Өз білімдерін түрлі жағдайда қолдана білуі, оқу материалын талдау іскерлігі. Тапсырмалар күрделене түседі. Оқушының бойында ойлау, таным дағдылары қалыптаса бастайды.

2-ші топ

Ашық хат

Шыңғысханға хат жазу


Отырар халқына хат жазу

Дескриптор: Хатты тақырыпқа сәйкес жазады. Сөйлемдерін бір-бірімен байланыстырады. Өз ойларын толық жаза алады.

Бір сөзбен.....Қуандым, ренжідім, ұнады, қиналдым, қызықтым, шаршадым, білдім, көмектестім, ренжідім, таңқалдым, білдім, мақтанамын, ойландым

Дескриптор: Тақырып бойынша қандай көңіл күйде болғанын айтады. Шыңғысханға неге ренжігенін, қандай жағдайға таңқалғанын, неге шаршағанын, неге мақтанғанын. т.б сол сияқты жағдайларын айтады.

Үш шындық, бір жалған



Дескриптор: Артық сөздерді табады. Тақырып бойынша кездескен есімдерді табады, айтады, жалған сөзді неге жалған екенін түсіндіреді. жылдарда қандай оқиға болғанын айтады, қалалардың артығын тауып монғол шапқыншылығына жатпайтын қаланы табады.

Оқушылар танымдық-ізденушілік сипаттағы, білімнің тереңделуіне, қорытындылауына бағытталған тапсырмаларды орындайды. Яғни, логикалық ойлау дәрежесінің жоғары болуымен, жеке басының белсенділігімен, өз ісіне болуымен, білімді салыстыру сияқты танымдық жұмыстар жүргізеді

Деңгейлік тапсырма бойынша топ басшылары өз тобындағы балалардың жұмыстарына талдау жасайды. Сонымен қатар төмендегідей іс-әрекеттер байқалады. Бала тарихи оқиғаға талдау жасап, салыстырады, мұғалім нұсқауына сай бағдарға қарап, бақылау объектісіндегі өзгерістерді аңғарады; бала тарихи оқиғалардың арасындағы

ұқсастық, айырмашылықты анықтайды, мұғалім көмегімен оқу әрекетінің өте бір мәнді сипаттарын анықтайды; бала оқиғаның барысын айтуда логикалық кезектестікті анықтайды, мысалы, сурет бойынша әңгіме сюжетін (желісін) құрайды; бала объектілерді түрлі сипаттарына қарап салыстырады, объектілердің логикалық топтасуын орындайды, себеп-салдарлы байланыстарды анықтайды, салыстыру, ұқсастық операцияларын қолдану негізінде өз бетімен дербес қорытындыға келеді, оқылған материалды жүйелейді, топтастырады, шығармашылық міндетті сапалы орындайды. Оқушылар деңгейлік тапсырманы орындай отырып өздерін бағалай алады. Деңгейлік тапсырмалар бойынша бағалау «ұпайлық» жүйемен жүзеге асырылады.

Технология негізінде оқушылардың ойлау қабілетін тарих сабағында дамыту арқылы білім сапасын көтеруге болады. Аталған технологияның пайдасы да, жетістігі де бар. Тиімді жақтары: Әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады; Оқушылар деңгейлік тапсырманы орындап болған соң, жинаған ұпайы бойынша әр баланың деңгейіне, қабілетіне қарай бағаланады. Баланың деңгейін біліп отырсыз. Өз балаңыздың жетістігін және өзіңіздің балаға берген деңгейлік тапсырма арқылы өз жетістігіңізді көресіз; Талпынысы, ұмтылысы байқалады; Әр сабақты қорытуға, жинақтауға немесе бағалауға арналған кесте көрсетілген, сол кестеге әр бала деңгейді орындаған болса белгі қойып жинаған ұпай санын өздері жазып, сол бойынша бағаланады.

Қорыта келе, қазіргі білім беру жүйесінде педагогикалық технологиялардың алатын орны ерекше, себебі әрбір мұғалім жаңа технологияларды ұтымды пайдалана отырып, жақсы жетістіктерге жетуге мүмкіндік алады. Өзінің кәсіби білім деңгейін көтереді және шәкірттерінің білім сапаларын арттыра түседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тұрлығұлов Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқыту теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2003. – 256 б.
2. Тұрсын Хазіретәлі. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. – Алматы, Дарын. 2004 – 156 б.
3. Көпжасарова М.Р., Нурмухаметов Н.Н. Аульбеков Г.Д. Технологизация учебного процесса: казахстанский опыт. – Алматы: Изд. Зият-Пресс, 2005. – 224с.
4. Жұмақаева Б., Сағынаева Г. Жоғары мектепте пәндерді оқыту: талаптары мен ұстанымдары. // Қазақ тарихы №5 (144), шілде - тамыз, 2016. – 37-38 б.
5. Асаинов Ж.А., Смагулова А.З., Хакимова А.К., Белогурова С.М. Методические рекомендации по работе с историческими источниками. // Қазақ тарихы №9 (156), қараша, 2017. – 43-48 б.

ПОВЫШЕНИЕ МОТИВАЦИИ К ОБУЧЕНИЮ МУЗЫКИ ПОСРЕДСТВОМ ВНЕДРЕНИЯ ИКТ

Остапенко Л.Г.,
учитель музыки ГУ «Школа-лицей №1
отдела образования акимата
г.Костанай

Аннотация

Ғылыми мақалада мектеп оқушыларының музыкаға деген қызығушылықтарын қалыптастыруда ақпараттандыру технологияларын пайдалануы қарастырылған.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы повышения мотивации учащихся к обучению музыке в школе через использование информационных технологий.

<i>Юлдашева М. У., Педагогические инновации в методологии преподавания языков..</i>	168
<i>Ярочкина Е. В., Джаикова М. К., Использование критического мышления на уроке...</i>	174
<i>Яхновец В. Н., Опыт применения инновационных технологий и методов в практике современного образования.....</i>	178

СЕКЦИЯ 4. БІЛІМ БЕРУДІ САНДЫҚ ЖҮЙЕГЕ КӨШІРУ ЖАҒДАЙЫНДА ТӘРБИЕ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

СЕКЦИЯ 4. ОРГАНИЗАЦИЯ РАБОТЫ ПО ПОВЫШЕНИЮ ВОСПИТАТЕЛЬНОГО ПОТЕНЦИАЛА В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ

<i>Абдилдина К. С., Назарова Г. К., Заманауи технологияларды білім беруде пайдаланудың маңыздылығы.....</i>	183
<i>Абдиркенова А. К., Жоғары оқу орындарында медиабілім беруде қолданылатын әдістер.....</i>	186
<i>Альшанова Б. Х., Суфизм: его природа и путь духовного совершенства.....</i>	190
<i>Байжанова С. А., Балгабаева Г. З., Формирование информационной компетентности у детей старшего дошкольного возраста.....</i>	195
<i>Бекенова А. К., Кожамбердиев С. А., Применение информационных технологий на учебных занятиях по педагогическим дисциплинам.....</i>	198
<i>Белтірік Н. Ж., Нугманов С. М., Шығармашылық – жеке тұлғаны дамытудың негізі.....</i>	204
<i>Буренко Е. Ю., Тапал У. Б., Ахметжанова Б. Ж., Активные методы обучения – как эффективное средство повышение качество образования.....</i>	206
<i>Ермагамбетова Ұ. Т., Білімнің келешегі және ххі ғасыр дағдыларын дамыту, ел болашығы.....</i>	209
<i>Ермаганбетова А. Ж., Ойын платформалары білім беру технологиясы ретінде.....</i>	212
<i>Есенова К. А., Айгужина Ж. С., Казахский язык в рамках обновления содержания..</i>	215
<i>Иванова Е. Н., Особенности направлений организации воспитательного потенциала будущих педагогов в условиях цифровизации образования.....</i>	218
<i>Исенова Г. Б., Жаңаша білім беру: педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдіру.....</i>	222
<i>Остапенко Л. Г., Повышение мотивации к обучению музыки посредством внедрения ИКТ.....</i>	226
<i>Сатыбалды М. Н., Балаканова А. Е., Основные направления цифровизации в воспитательном процессе.....</i>	229
<i>Тулебаева Ж. Ш., Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі адамгершілік тақырыбы.....</i>	232
<i>Утегенова Г. М., Колледж студенттерінің әлеуметтік белсенділігіне қолдау көрсету жолдары.....</i>	235
<i>Шалатина О. Б., Калинина А. А., Театральное мастерство как один из способов повышения воспитательного потенциала студентов педагогических колледжей.....</i>	238
<i>Шевченко А. Ж., Организация работы по повышению воспитательного потенциала в условиях цифровизации образования.....</i>	241
<i>Шүжебаева А. И., Мнайдарова С. С., Теоретические основы застенчивости как научного феномена.....</i>	244
<i>Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің 80 жылдығына орай «Білім беру практикасы сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» атты Халықаралық Алтынсарин оқулары ғылыми-практикалық конференциясының тұжырымдамасы.....</i>	249